


ҮМБЕТӘЛИ
КӘРІБАЕВ

Шаһнаһам

ӘЛҒЕҢГҒҒҒ
ҒАСМАНҒАР
АҮМҠСМАР

ҮМБЕТӨЛІ
КӨРІБАЕВ
Шарнағам





ҮМБЕТӘЛІ
КӘРІБАЕВ

шаһнаһат

ӘЛҒЕҢГЕР
ҒАСҢАҢҒАР
АЙҢҢҢҢҢҢҢҢ

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1989

ББК 84Қаз7—5
К 25

Құрастырған Надежда ЛУШНИКОВА

Редактор Торғай СӘДУАҚАСОВ

Кәрібаев Ү.
К 25 Шапағат: Өлеңдер, дастандар, айтыс-
тар.— Алматы: Жазушы, 1989.— 128 бет.,
портр., суретті.

Көрнекті халық ақыны, Жамбылдың талантты шәкірті Үмбетәлі Кәрібаев (1889—1969) екі заманның куәсі болған, еңбекші қауымның мұң-мұқтажына елгезек үн қосып, ел құрметіне бөленген үлкен өнер иесі. Өткен дәуірде әлеуметтік теңсіздікті әшкерелеп, жаңа заманда Октябрь шапағатын шабыттана жырлаған оның төкпе жырлары мен толғаулары, айтыстары мен дастандары талай ұрпақтың игілігіне айналуда.

Кітап ақынның туғанына 100 жыл толатын мүшел тойына орай Жамбыл музейінің қаржысы есебінен жарық көріп отыр.

К $\frac{4702250202-150}{402(05)-89}$ без объявл. — 89 ББК 84Қаз7—5

ISBN 5—605—00835—8

© «Жазушы» баспасы, 1989

ЖАМБЫЛДЫҢ ШӘКІРТІ

Үмбетәлі Қәрібаевтың 70 жасқа толуына байланысты Қазақстан Жазушылар одағы жолдаған құттықтауда:

Алқалы топты қыздырып,
Тынысы болған ән-жырдың,
Қиялын бірге жүздіріп,
Інісі болған Жамбылдың,—

деген жолдар бар еді. Осы бір дәл айтылған елең шумағында көп шындық, әділ баға бар.

Көрнекті халық ақыны Үмбетәлі Қәрібаев өзінің бүкіл творчестволық жолында ұлттық поэзиямыздың озық үлгілерін бүгінгі заманға жеткізіп, жаңарта пайдаланған, дәуір шындығына белсене үн қосқан үздік таланттардың бірі болды. Ол Жамбыл дәстүрін жалғастырушы ғана емес, оның жақын досы, шәкірті, жаны сүйер інісі бола білді. Жасынан Жамбыл жырларын сүйіп өсіп, жатқа білген Үмбетәлі аға ақын творчествосын халық арасына таратты, өзі де ақындық өнерде соған еліктеді. Жамбылдың дастандары мен айтыстарын, жырларын бүгінгі заманға сақтап жеткізді. Жамбыл да Жетісудың көп ақындарының ішінен Үмбетәлінің үздік талантын бірден таныды, оны шәкірт етіп қасына ертті, ақындық үлкен жолға баулыды. Ағалы-інілі екі жүйрік жиын-тойларда ән-жырдың думанын қыздырды. Бұл кезде ақындар ағасына айналған Жамбыл көбінесе топқа Үмбетәліні қосып, қарап отырар еді, ақындар таласына төрелік айтар еді. Үмбетәлі осындай сындардан сүрінбей өтіп, Жамбыл үмітін ақтады, өзінің мол талантын мойындатты. Сөйтіп Жетісу ақындарының ішінде Жамбылдан кейінгі орынға, құрметке ие болды.

Үмбетәлінің өмірі де, тіршілігі де ақын ағасына ұқсас

еді. Ол да кедей ауылында туып, жоқшылық зардабын көріп өсті. Халықтың ауыр тұрмыс-күйін жасынан жырға қосты. Бұл жас ақынның демократтық көзқарасын қалыптастырған, сны Жамбыл дәстүріне жақындастырып, табыстырған жол еді. Сондықтан да Үмбетәлі революцияны көппен бірге қуана қарсы алды. Жетісуда Совет өкіметін орнату жолындағы белсенді үгітшілердің бірі болды. Масанчи мен Жандосов стрядына қатысып, жауынгерлерді ақ бандаларға қарсы күреске шақырған ерлік жырлар шығарды.

Өзінің көп өлең-жырларын Үмбетәлі Ұлы Октябрь социалистік революциясын, коммунистік партияны, оның көсемі В. И. Ленинді жырлауға арнады. Қараңғыға қамалған елді жарық дүниеге алып шыққан революция мен оның көсемін ақын әлемдегі ең ұлы күш есебінде бағалады.

Дегенімде «кім күшті?»—
Жылу берген күн күшті.
Күн болмаса, көрмес ем
Жан жаралған тұрмысты.
Тұрмыс та түзу болмас ед,
Бастамаса бір күшті.
Сондай күшті аңсаумен,
Ғасырлаған күн кешті.
Сол күштім — Ленин көсемім,
Сол күннен бізге нұр түсті,—

деп жырлады ақын.

Коммунистік партияны ол мәуелі бақ орнатып, онда сансыз бұлбұл сайратқан сәулетті заманның көш басшысы ретінде суреттеді, мәңгі өлмес шамшыраққа теңеді. Бұл тұрғыда ақынның «Ленин», «Коммунистік партия», «Шынар», «Кім күшті?» т. б. өлеңдерінің ерекше маңызы бар.

Өткен дәуірдің ауыртпашылығын көріп келіп, жаңа өмірдің бақытына ие болған ақынның бар алғысы мен ризалығын Октябрь мен партияға арнауы да сондықтан.

Гүлденген ауылым да, қыстағым да,
Ой толғап домбыраны ұстадым да,
Еселеп еркіндіктің бәрін берген,
Арнадым алғыс партия ұстазыма,—
дейді ақын «Октябрь шапағаты» өлеңінде.

Советтік дәуірде туған Үмбетәлі жырлары, негізінен, жаңа заманның жақсылығын көрсетуге арналуының басты сыры да осында. Ол қай өлеңінде болсын, жеке фактіден көптік сипат табуға жинақтап, қорытып айтуға ұмтылады.

Жиырмамыншы-отызыншы жылдары Үмбетәлі ауылдағы тап тартысын, кедейлердің коллективтік шаруашылыққа бірігуін жырлады. Өзі туған ауылы Қарғалыда ашылған колхозға бірінші болып кіріп, еңбекке араласты. Егін егіп, мал баға жүріп, серігі домбыраны қолға алып, ел өміріндегі өзгерістерді, өзі айтқандай «жырмен терді». Жаңа мен ескі дүниенің тартысында ерекше көзге түскен ұнамсыз құбылыстарды — тап жауларының кастандық әрекеттерін, еңбекке қырсыздар мен көзбояушыларды, коллективтік басқарудың принципін бұзушыларды, асыра сілтеушілерді ақын өлең сөздің күшімен әшкерелеп, сынап, шенеп отырды («Көк қасқа аттың зары», «Бір колхозда он бастық», «Қамбашы» т. б.).

Ұлы Отан соғысы мен одан соңғы бейбіт еңбек жылдарында да Үмбетәлі бірталай патриоттық жырлар шығарды. Ақын ел өміріндегі жаңалықтардың жаршысы болып, оны халық арасында кең насихаттауға тырысты, еңбекті, ерлікті, бейбітшілікті, халықаралық жұмысшы қозғалысы уақиғаларын жырға қосты. Бұл тұрғыда оның «Тыңға аттанған жастарға», «Тыңды игерген жастарға», «Жырлаймын еңбек ерлерін», «Готвальд туралы» т. б. өлеңдерін атауға болады. Бірқатар тәуір лирикалық жырларын ол адам еңбегін табиғат құбылыстарының көркем бейнесімен тығыз байланыста көрсетуге құрды. «Жайрандап, міне жаз келді» өлеңінде көктемнің көркін еңбек салтанатымен астастыра суреттеу байқалады. «Гагарин», «Нұр тілек», «Г. Титовқа» өлеңдерін Үмбетәлі космосты игерушілерге арнады.

Халық поэзиясының үлгілік сипаты, өмір сабағы туралы насихат дидактика Үмбетәлі өлеңдерінің де басты ерекшеліктері болып табылады. Ол жас ұрпақты оқу-білімге үгіттейді («Оқы, оқы, қарағым», «Мектеп балаларына»), әр қилы өмір көрген адамның ақыл өсиетін кейінгілерге ғибрат етіп ұсына-

ды. Әсіресе, соңғы циклді жырлар адам бойындағы жақсы мінез-құлықты, адамгершілікті жырлауда ерекше маңызды.

**Менмендіктің белгісі —
Менен артық кім дейді.
Киім бүтін, тамақ тоқ,
Көзге ешкімді ілмейді.
...Ақылың да сен айтқан
Құлағына кірмейді.
Ар-ұятты жалмайды,
Бетінде бедел қалмайды.
Шырмауыққа шырмалып,
Өзін-өзі қармайды,
Сөйтіп өмірін алдайды,—**

дейді ақын бір өлеңінде. Бұл адам сырын жетік білетін, әр қилы мінезді кездестірген адамның тұжырымы, әділетті сөзі.

**Жақсы жолдас сол болар —
Шашпай сырын жинаған.
Жаман жолдас сол болар —
Орынсыз жерде қинаған.
Балаңның асыл болғаны —
Ата-анасын сыйлаған.
Ер нысапсыз болғаны —
Жастағы көңіл, мінезін
Қартайғанда тыймаған.**

Бұл да өмір сабағынан туған нақыл сөз. Ақын жақсылық пен жамандықтың, достық пен қастықтың, пайда мен зиянның, ақылды іс пен ақымақтықтың ара салмағын тіршілік сабақтарынан алады, оны жинақтап айта біледі.

Үмбетәлі толғаулары да халық поэзиясының осы шешендік төкпе үлгілерін дамытады. Оның көбі совет заманында туған. Ақын онда өзінің ұлы ұстазы Жамбылмен бірге заман қуанышын толғайды, ақын ағасын құрметке бөлеген халық туралы айтады. Жамбылдың орден алуына арналған толғауында ол:

**Дарынды Жамбыл сен едің,
Өлеңге диқан, кен едің.
Қадіріңді білгенге
Асқар таумен тең едің.**

Айналаңда біз — қайық,
Сен бір үлкен кеме едің.
Үлгі нұсқа тастарсыз,
Көпті көрген көне едің.
Сенің айтқан жырыңда
Өрісті елдің данқы бар.
Гүлстанға айналған
Бақытты қазақ халқы бар,—

деп жырлайды.

Үмбетәлінің ақындық талантының айрықша танылған тұсы — оның айтыстары мен дастандары. Бұл шығармаларында ол эпик ақын есебінде көзге түседі. Жасынан өнер қуып, ақындыққа талпынған Үмбетәлі өз талабын айтыста сынады. Замандастарымен сөз таластырса, аға ақындар алдында өнерін сынатып, реті келгенде, олардың өзін сөзден тосады. Осындай бір қақтығыста әзілмен ұтып кеткен Үмбетәліге Жамбылдың өзінің мойындай бата бергені де бар. Ақынның Нұриламен, Арғынбаймен, Нұрсапамен айтыстары оның суырып салып айту өнеріне жүйріктігін, ел тарихын жақсы білетіндігін, сөздің ұтымды жерін дөп басатынын байқатады. Совет өкіметі жылдарында да Үмбетәлі айтысқа қатысып, елінің табыстарын мадақтады, қарсылас ақынның аулындағы шаруашылық кемшіліктерін сынады, сөйтіп халық өнерінің ескі жанрын бүгінгі заман талабына пайдалана білді.

Үмбетәлінің дастандары ақынның халықтың бай ауыз әдебиетінің дәстүрін берік ұстанғанын танытады. Ол аңыз-ертегілер сюжетін құрып, «Төрт өнерпаз хикаясы», «Патша мен ұрылар», «Қисық батыр мен Кемпірбай» атты дастандар шығарды. Сонымен бірге ол бірқатар дастандарында ел өмірін, заман шындығын арқау етті. «Малшы», «Қуат», «Мәлібек» сияқты дастандарында ел билеушілер мен байлардың үстемдік қылықтарын әшкерелеп, оларға қарсы күресіп, теңдікке жеткен заман жасаушыларын жырлады. «Бақтыбай» жырында сөз өнерінің құдіретін мадақтайды. Бақтыбай ақынның алдында Тезек төренің тізе бүгуін ұтымды көрсетеді. «Өткен өмір» деп аталатын ұзақ жырда ақын өз өмірінің мәліметтері негізінде, қоғамдық дамудың басты-басты кезең-

дерін шолады. Үмбетәлі дастандары халықтық эпикалық жырлардың дәстүрін жалғастыруда едәуір маңызды.

Үмбетәлінің ақындық өнерге ұмтылуы революция алдындағы теңсіздік жағдайында басталғанымен оның толысуы, шеберленуі Совет өкіметі кезінде өтті. Бұл жылдары ол өзі сусындап өскен халық поэзиясы үлгілерін, сөз өнерін жаңа заман өзгерістерін жырлауға пайдалана отырып, тың ізденістерге барды. Ақын ағасы Жамбыл, өзімен үзеңгілес достары Қенен, Иса, Нартай, Есдәулеттердің ақындық үлгілері оған белгілі дәрежеде әсер етті. Солардың ортасында ол жыршылық-ақындығын кемелдендірді. Қенен ақынның Үмбетәліге:

**Желдірме тандайыңнан жыр төгілген,
Деуші еді елің сені қара жорға,—**

деуі де осыдан. Ол өз туындыларымен қатар, көптеген халық дастандарын және ақындардың өлең-жырларын жатқа айтқан. Сүйінбай мен Жамбылдың шығармаларын көп білген. Ақын өлеңдерінде халықтық сөз өнерінің айшықты үлгілерінен түйген мол ойлар, образды көркем тіл бар. Үмбетәлі поэзиясының шешендік үлгілері: нақыл сөздер, тың тенеулер мен метафоралық өрнектер — халық әдебиетінің бай мұрасын молынан меңгеріп, жаңарта білген ақынның елеулі табыстары қатарына қосылады.

Үмбетәлінің көрші қырғыз елінің ақын-жыршыларымен қарым-қатынасы, достығы да біздің әдеби байланыстарымыздың жарқын бір мысалы. Ол Оспанқұл, Жаманқұл, Батырша, Мұратәлі тәрізді ақын-жыршылармен, күйшілермен сырлас, сыйлас, творчестволық достық қатынаста болған, айтысқан, қызықты кештерді бірге өткізген.

Мұның бәрі Үмбетәлінің ақындық жолы Совет өкіметі тұсында қайта туып жаңарған халық поэзиясының жарқын бір беті екенін көрсетеді. Ол СССР Жазушылар одағына мүше болып, жазба әдебиет өкілдерімен қатар қызмет етті. Ұстазы Жамбыл дәстүрін жалғастыра отырып, жаңа дәуірдің белсенді жыршысына айналды.

Серік ҚИРАБАЕВ.

ՊԵՆՏԵՐ



БАТА АЛАРДА

Атақты Сүйінбайдан бата алғанын,
Жасында ақын Жамбыл атағаның.
Шәкірті Сүйінбайдың болғаннан соң,
Үйіңде тыныш қана жата алмадың.
Алғанмен қанша атақ, қанша абырой,
Жәкем-ау, самбыл бай боп атанбадың.
Әдейі ат арытып інің жетті,
Қолыңды жай, сенен бар бата алмағым?!

1907

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Шапырашты — әсілім,
Айкым деген — нәсілім,
Әйтек деген — арғы атам,
Кәрібай — менің өз әкем.
Үмбетәлі — шын атым,
Сөз айтпаймын жасырын.
Он төрт жасқа келгенде,
Оқыдым ілім тәсілін.
Он бес жасқа келгенде,
Домбыра болды машығым.
Өлең болды көбіне
Он жеті жастан кәсібім.
Қыр соңынан қалмадым,
Секілді менің ғашығым.

1908

БАТЫР ТУҒАН ЖІГІТТІҢ

Батыр туған жігіттің
Әркім білер дабысын.
Жетесі болса жігерлі,
Жібермес кек пен намысын.

1908

АҚЫЛДАН БІЛІМДІ АДАМ ПАЙДАЛАНАР

Ақылдан білімді адам пайдаланар,
Дейсіз бе ажал келсе жайға қарар?
Ақылсыз, көңілі бітеу кей жарымес
Алды — жар, арты — тұйық, қайда барар?

1909

АҚЫМАҚҚА АҚЫЛ АЙТСАҢ

Ақымаққа ақыл айтсаң: «Өлең — дейді,—
Беймаза жанға жақпас өнер»,— дейді.
Кейбіреу үйінде зор, далада қор,
Отырып от басында көбеңдейді.
Мысалы бұрынғыдан қалған мақал:
«Ат жүйрік жалғыз шапқан!» деген дейді.
Жәдігөй дүниенің ысытпасы
Бекітіп қайыр жолын шегендейді...
Өмірден бір жақсылық күткендей боп,
Көңілім әлденеге елеңдейді.

1910

БОЗБАЛАҒА

Шартарапты шарлауға
Көңілден асқан жүйрік жоқ.
Дүние деген баянсыз,
Ұстайын десең құрық жоқ.
Ауырғанда сыңқыл жоқ,
Қас сұлуда мықын жоқ.
Ел ішінде сұлу көп,
Сұқтанбақ бар да бұйрық жоқ.
Берейін деген пендеге
Табиғаттың несі жоқ?
Болар-болмас нәрсеге
Көзіңді сатып жүретін
Бозбала, сенің есің жоқ.
Құдайы жазса, кететін
Адамзатта несіп жоқ.
Оу, сондықтан, қарағым,
Қыз соңында сүмендеп,
Ерте де кеш ел кезер
Ретің жоқ-ау, ретің жоқ!

1910

ЖАҚСЫ ҚЫЗ

Жақсы қыз майдағы атқан таң секілді,
Сарайда жанып тұрған шам секілді.
Аршын төс, алма мойын, қолаң шаштың
Көңілінде бір арманы бар секілді.
Өзім де сондай қызға құмартамын,
Дүниеде оған жалғыз жар секілді.

1910

АЙТЫСТА КЕЗДЕСКЕН ЕКІ ҚЫЗҒА

Әзіл

Қасың мен қабағыңа қал болайын,
Асыңа ішетұғын бал болайын,
Қауындай қайсыныңа жарылайын,
Телқозы екеуіңе жар болайын.

1911

ТҰРЫМТАЙҒА

Не болды Тұрымтайға жерігендей,
Бар ма екен қолы епсекті телігендей.
Тұрымтай жатқан жері қия болса,
Барады ақыры қайда, бері келмей.

1912

* * *

Жарың жақсы болса егер,
Қонақ қонса үйіңе,
Қоңыр қаздай байпандар.
Жатқа сырын алдырмай,
Жарқын жүзбен жайтандар
Алғаның жаман жолықса,
Үйіңде мейман отырса,
Баласын ұрып қағытып,
Өзі-өзінен сайтандар.
Кем ақылға бақ қонса,
Жетілдім деп тайтандар.

Ақылсызға бақ қонса,
Ішпей-жемей қалтаңдар.
Басынан бақыт тайған күн
Көрінгенге жалтаңдар.

1913

ОН БЕС ЖАСТА КІМ ӨТПЕС

Он бес жаста кім өтпес,
Балалықпен алданып.
Жиырма бес дәуренді
Ұстады кімдер малданып?
Отыз бес жасқа келгенде,
Саналы туған ер жігіт
Не істемес қарманып?
Қырық жасында кісілік
Салтанатын аңғарып;
«Елу жылда ел жаңа»,
Алпыста байсың — шаруалық.
Жетпіске жасың келгенде,
Өкпе-бауыр, жал қалып;
Кемел келсең сексенге,
Қосылар атың шалға анық.
Аяғың мен қолыңа,
Тоқсанда тұсау байланып;
Өмірдің көбі жүз-ақ жыл,
Бір өткен соң дәуренің
Келмейді қайта айналып.
Парасатын тыңдасаң
Әңгіменің аңғарып;
Айта алмасаң өленді,
Не қыласың малданып.

1914

* * *

Сұрасаң менің атым — Үмбет едім.
Жеріме жүрген-тұрған міндет едім.
Айтысар ақын болса, шықсын бері,
Түлкідей қызыл алтай індетемін.

1915

БІРЕУ БАР

Жақсыға бітсе дәулет, бақ айналар,
Жаманға бітсе дәулет, әуе айналар.
Басына ер жігіттің бір іс түссе,
Арасы қас пен достың абайланар.

Біреу бар жар боп жүрген қолдаушылар,
Біреу бар теріс кетіп болмаушылар.
Бақ, ырыс, ақылменен қатар қонса,
Солар ғой дүниені болжаушылар.

1915

ХАЛЫҚТЫҢ ЫЗА-АШУЫ

1916 жыл оқиғасына

Бір тартыс ел ішінде қызып жатыр,
Кедейлер мұң мен шерге жүзіп жатыр.
Қыршындай боздақтарды есепке алып,
Болыстар тіркеп жатыр, тізіп жатыр.

Аңырап абзал ана жылап жатыр,
Күндіз-түн көздің жасын бұлап жатыр.

Патшаға, бай-болысқа лағынет айтып,
Құлағын ащы күйдің бұрап жатыр.

Қайнады қазандай боп ашу-ыза,
Зіл түсті кәрімізге, жасымызға,
Құтылып қармағынан қанқорлардың,
Күн бар ма теңдік тиер басымызға!

1916

КЕДЕЙЛЕРГЕ

Кеткені жастан ұят «сіз» демесе,
Жақсылық табыла ма іздемесе?
Адамның тіршілікте адамы сол,
Ақылмен ойлап-пішіп, тілге келсе.
Затына қарағанда бәрі жақсы,
Сырты шаң болып, іші кірлемесе,
Кімді-кім тәуір көрмек ілмелесе,
Көн тері адам көңілі қатып тұрған,
Жұмсармас талқыға сап илемесе.
Әркімнің жетегінде бір кетеді,
Өз басын жаман адам билемесе.
Кереңнің құлағы сөз естімейді,
Дүлейді түртіп айтып «біл» демесе.
Ағарып бостандықтың атты таңы,
Жұтайық соның нұрын біргелесе.
Ұйымдас, кедей халқы, қоғамдасып,
Өмірге қанат жайып іргелесе!

1920

АҚЫН

Бідгеннің ақын деген мерекесі,
Білмеген ақымақтың келекесі.
Кейбіреу ақын көрсе тыржындайды,
Сонымен бір кеткендей берекесі.
Ақынмын өлең сөзге ағындаған,
Секілді әлпештеген ел еркесі.

1922

ЛЕНИН

Бақыт туын көтеріп,
Басшы болған халыққа.
Түнерген түндей түнектен
Сүйреп шыққан жарыққа.
Уа, әлемнің данасы,
Мавзолейде жатырсың,
Ұйықтап алтын табытқа.
Тірісің бізбен біргесің,
Бересің қуат шабытқа.
Тәжім етіп басыңа,
Көріп қайттым барып та.
Көксегенің іске асты,
Көз жіберсең тарихқа.
Көмескі өмір көміліп,
Әлем қарап аныққа.

Анықталған ақиқат,
Бұрынғы зарлы заман жоқ,
Еріксіз аш-жалаңаш,
Еңіреп жүрген адам жоқ.
Келеді халқың жолыңмен,
Өмірдің өрлеп өріне,

Өріне емес, өрістеп
Шықты биік төріне.
Ұшан-теңіз байлығы
Ұлан-байтақ жерімде.
Ұлы совет Отанның
Отауы қазақ елі де.

Белінен басты белесті,
Ерікті елде ер өсті,
Құлашын кере кең өсті.
Шынарға жеткен шыбықтай,
Елеулі елім тең өсті.
Күндей күшті нұрыңды
Көреміз осы өмірден.
Өшпейтіндей жарығың
Қоныс алды көңілден.
Бақытқа, Ленин, жеткіздің,
Асулардан өткіздің,
Еліме мәңгі солмайтын
Ырыс гүлін еккіздің.
Ленин деп жүрек соғады,
Өркендеп өрлеп өсуде
Коммунизм қоғамы.

1924

ЖАҢА АУДАН

Жетісу қасиетті жерім менің,
Түрленді қызғалдақтай елім менің.
Енші алып Қаскелеңнен, отау тігіп,
Іленің құттықтаймын бөлінгенін.
Іленің дариясындай сарқылмастан,
Орында өкіметтің сенімдерін.

**Өсіріп шаруаны колхоз, совхоз,
Толқысын көк теңіздей егіндерің.
Қой қоздап, тай құлындап, тайлақ қайып,
Молайсын одан алар өнімдерің.
Бүгінгі тіккен отау орда болып,
Жарыста қатарыңнан жеңілмегің.**

1935

ЖАМБЫЛҒА

**1936 жылы Еңбек Қызыл Ту
орденін алғанда**

**Ассалаумағалейкум,
Ардақты Жамбыл шалымыз,
Шәкіртің келді алдыңа,
Сәлемін қабыл алыңыз.
Аман көріп еліңді,
Ата-қоныс жеріңді,
Бекітіп қатты беліңді,
Дем алып Жамбыл тұрғанда,
Алдыңнан шықты құрметтеп
Ағайын-туғандарыңыз.
Көзіңізді салыңыз,
Кәріні қайта жасартқан
Өмір қандай тамаша,
Жаңа дүние, жаңа заң,
Жаңа заман, жаңа адам,
Жасарған көппен шағыңыз.
Ақ домбыра қолға алып,
Тоқсан жаста толғанып,
Тамылжып тілден балыңыз.**

**Шәкірттерің қасыңда,
Қасиетің басыңда,**

Ақ мамыққа бөлендің,
Токсанға толған жасында.
Орден алған аз шығар
Өзіңнің замандасында.
Мәскеуден қайтып келгенде,
Ел-жұртыңды көргенде,
Алдыңнан шықты қуанып,
Қыз, келін, қарындасың да.
Келгеніңді құттықтап,
Қарсы алды, Жәке, қанша адам,
Ой-қырды түгел аралап,
Жерің жоқ, қартым, шаршаған.

Саған Қастек той жасап,
Дулатып керней тартқызды.
Думандатып бүкіл ел,
Тамашаны арттырды.
Бәйгеге атты шаптырды.
Сұлы менен сүт беріп,
Сайыпкерге бақтырды.

Соңыңыздан ерген шәкіртпін,
Қара сөзге ұстамын,
О, Жәке, сыртқа шығарғын,
Бәрі жатыр ішінде
Нешелер асыл нұсқаның.
Уа, Жәке, сенің бағың бар,
Бағың бір асқан шағың бар.
Енді сізде арман жоқ,
Айтылмай сөз қалған жоқ.

Құтты жайлау қонғаның,
Алатаудың бауыры.
Күрең жорға мінгенің,
Сейіл қылып жүргенің,
Жібектен жауып сауырды.

Ортекедей ойнатып,
Ботадай көзін жайнатып,
Арпа, сұлы шайнатып,
Жетіп барсаң, ақсақал,
Жабыла құрмет етеді
Шалқыған колхоз ауылың.

Тайпалған күрең жорғаның
Омыртқасы отаудай,
Тұлпарға біткен тұяғы.
Құлағы тік қамыстай,
Қаламның жонған қияғы.
Тақымыңда ойнайды
Бұл жалғанның пырағы.
Тал бойында міні жоқ,
Жануар деп мұны кім айтар,
Сөйлерге тек тілі жоқ.
Танадай көзі жалтылдап,
Жебелей басып қарқындап,
Тебінгісі сартылдап,
Күмістей жүні жылтылдап,
Ойынды еті бұлтылдап,
Суға салған қайықтай,
Тұлпар емей немене,
Тұғырда тұрып жем жеген;
Әділет емей немене:
Кәрі ақынды жасартып,
Жаратып қайта селбеген!
Данамыз ұлы партия
Жамбылым жамбы екен деп,
Құлашыңды сермеген.
Дарынды Жамбыл сен едің,
Өлеңге дарқан, кен едің.
Қадіріңді білгенге
Асқар таумен тең едің.